



Айымбетов Мәди Айтбенбетұлы,
ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық
сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ЖӘНЕ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ БІРІЗДІ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Терминдердің бірізді әрі дұрыс қолданылуына ден қою мәселесі - заң жобалары мәтіндеріне лингвистикалық сараптама жасаудың басты шарты.

Ал бұл шарт заң терминдердің бірізділігіне қойылар мынандай талаптардан туындайды:

1. Заң терминінің нормалық негізінің сақталуы, яғни нормалық дәлдік пен нақтылықтың болуы;

2. Заң терминінің түпмәтіндік үйлесімі арқылы заң актісінде қойылып отырған мәселенің нормативтік мағынасын дұрыс беру;

3. Заң терминін әртүрлі баламада қолданудан арылту, яғни норманың екіұдайлық сипатын болдырмау.

Міне, осы үш мәселе заң термині қолданысындағы кейбір проблемаларды алдымызға тартады. Лингвистикалық сараптама жасау барысында да заң мәтіндері негізінен осы тұрғыдан қарастырылып талданады. Демек, заң жобасы мәтінінің сапасы да осындай өлшеммен - терминдердің қолданылу деңгейінің сапасымен бағаланады.

Айталық, таяуда ғана, үстіміздегі жылдың сәуірінде қабылданған «Азаматтық қорғау туралы» заңның мәтінде мынандай термин пайдаланылған: «төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларын бекітеді» [1] (11-бап, 47) тармақша. Осындағы «тергеп-тексеру қағидалары» деген терминдік тіркеске назар аударайық, бұл орысшадағы «правила расследования аварий, бедствий...» дегеннің аудармасы. Аварияны, зілзаланы тексерудің қағидасы дұрыс дейік, ал тергеудің аварияға, зілзалаға қандайлық тікелей қатысы бар? Ал тергеу ісі сол оқиғаға кінәлілер анықталып, олар жауапкершілікке тартылған соң жүргізілмейтін бе? Бұл арада екі түрлі

терминді қосақтаудың қисыны жоқ. «Тергеу» терминінің орысша мағынасы заң тілімен айтқанда - «допрос», «следствие». Сондықтан «тергеп-тексеруді» терминдік бір ұғым ретінде пайдаланудан ұғымдық тұтастық сақталып тұрған жоқ.

Терминді заң мәтінінің түпмәтіндік үйлесіміне орай қолдана білу мәселесінде де ескеретін жәйттар баршылық. Мысалы, «бұғаттау» термині. Осы терминді заң мәтіндегі қойылып отырған нақтылы заңи іс-қимыл не әрекеттің мағыналық сипатын ескермей, бір стандарттың аясында қолданушылық үрдісі байқалады. Бұл терминді Терминологиялық комиссияның кезінде «бұғаттау» деп дұрыс бекіткеніне, әрине, ешкімнің шүбәсі болмауы тиіс. Бірақ бұл көп ретте техникалық ұғымға сай келетін термин. Айталық, белгілі бір субъектіге қатысты оның «дербес деректерін бұғаттау» дегенді қалайша түсінуге болады? Бұл арада деректерге тыйым салу немесе оларды жариялы болуына шектеу қою, окшаулау туралы айтылып отырғандығы айқын емес пе?! Осы «бұғаттаудың» орысша нұсқасында 11 синоним бар екен: «блокировка, прекращение, запрещение, задержание, связывание, фиксация; воспрепятствование, закрепление, торпедирование, срывание...» және т.б. Сондықтан орысша нұсқасында бұл термин «блокирование персональных данных – это временное прекращение сбора, систематизации, накопления, использования, распространения персональных данных, в том числе их передачи» деп дұрыс нақтыланған. Ал қазақшада осы бұғаттау сөзінің әдеби нормасының түсіндірмесіндегі [3] синонимінің саны он бірден де көп десек қателеспейміз.

Пікірімізді дәйектеу үшін жақында ғана біздің орталықта лингвистикалық сараптамадан өткен «Дактилоскопиялық және геномдық

тіркеу туралы» заң жобасының мәтініндегі дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты өңдеуге қатысты «ақпаратты... бұғаттауға бағытталған іс-әрекеттер» (1-бап, 5) тармақша) деген тіркеске бір сәт назар аударайық. Осындағы «бұғаттау» термині өз орнын таппай тұрғаны бірден көзге ұрады. Себебі, мұның бұл арадағы түпмәтіндік қолданысында тыйым салу, яғни, ақпаратқа тыйым салу мағынасында айтылып тұрғандығы ескерілмеген.

Ал осы «бұғаттау», «бұғаттағыш» терминіне 2007 жылы шыққан бір орысша-қазақша түсіндірме сөздікте «белгілі бір жағдайда аппараттың, машинаның немесе электр схемасының жұмыс элементтерін бекітуді камтамасыз ететін, сонымен қатар бағыттаушы әсерді алып тастағаннан кейін де сақталатын тәсілдер мен құралдардың жиынтығы» [2] деген түсіндірмелік анықтама берілген.

Тағы бір дәйек, заң мәтіндерінде жиі қолданылатын «производство» терминіне қатысты. Осы атаудың етістік және зат есімдік тұлғасына орай қолданылымының дұрыс болмауы салдарынан бұл термин жолма-жол аударманың қалыбына салынып, «қару өндіру», «сот өндірісі» деп алынып жүр, ал дұрыс қазақшасы - «қару шығару», «сот ісін жүргізу» емес пе?!

Құқықтық норманың жүктемесін ескермей қолданудың тағы бір мысалы «вправе» және «имеет право» деген терминдеріне қатысты. Мемлекеттік тілдегі қолданысында бұлардың бір мағынада «құқығы бар» деп алынатын жағдайлар аз ұшыраспайды. Дұрысында вправо – құқылы, ал имеет право – «құқығы бар». Өйткені бұлардың нормалық жағынан айырмасы бар. Бірінші жағдайда субъект бір нәрсеге құқылы, бірақ оны пайдалану-пайдаланбау оның еркінде дегенді білдірсе, екінші қолданыста оның құқығының бар екендігі нақтылы сипатта айтылады. Заң терминдерінің бірізді қолданылуы туралы

айтқанда, оның мағынасындағы құқықтық жүктемені есте ұстаған абзал.

Кейбір терминдердің дұрыс баламасы табылмағандықтан, заң нормасы мағынасын екіұдайлық түсінікке ұрындырады. Соның бірі -«идентификациялау» термині. Осы терминге заң мәтіндерінде, сөздіктерде «сәйкестендіру», «бірдейлендіру» деген балама беріліп, қазір заң мәтіндерінде жаппай қолданылып жүр, мұның заңдық тұрғыдағы дұрыс мәнінде алынбай жүргені жөнінде біз бұрында да айтқанбыз. Ал шынтуайтында бұл аталымның белгілі бір субъектіге қатысты қолданылу мағынасына келсек, ол «жалпы және жекелей белгілері бойынша нысанның немесе жеке тұлғаның сәйкестік дәлдігін анықтау процесі» туралы ұғымды білдіреді. Яғни, осындағы «сәйкестік дәлдікті анықтау» деген ұғым «сәйкестендіру» деп бұрмаланып тұрғанын ескермей қолданып жүрміз.

Заңтерминдерінің бірізді қолданылуын қолдан келгенше жолға қою заң мәтіндерінің сапасын жетілдірумен, жақсартумен тікелей сабақтас мәселе. Термин жасалымның проблемасымен айналысатындардың да, заң мәтіндерінің қазақша нұсқасын әзірлеушілердің де осыған байыпты тұрғыдан ден қоюы қажет. Жекелеген аталымдардың төңірегіндегі талпыныс-ізденістеріміз орысша түпнұсқаға байланып, жолма-жол аударманың сарынынан аса алмай жүр. Бүйте берсек, бұл бағыттағы ісіміздің өнікті болмасы анық. Ұлттық лексикасымызбен үйлесетін, заң тілінің нормалық дәлдігін бұзбайтын қазақша сәтті баламасы болмаса, терминді, оның ішінде заң терминін оның халықаралық ортақ қолданыстағы түбірлік негізін сақтап, өз тіліміздегі транскрипциясы арқылы пайдаланудан ұтылмасымыз хақ. Термин жасалымының бұл тәсілі де - заң терминдерін бірізділікпен жүйелеудің бір жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Азаматтық қорғау туралы (11.04.2014)
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Механика / Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007.-291 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. – 3-том, 742 б.



Мақалада заңнама терминдерін біріздендірудің кейбір ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: терминдерді біріздендіру – заңнама мәтінінің сапасын жетілдірудің бір тәсілі, заң терминінің нормалық негізін сақтау.

В статье рассматриваются некоторые особенности идентификации юридических терминов.

Ключевые слова: идентификация терминов является одним из способов совершенствования качества текста законопроектов, сохранение нормативных основ юридических терминов.

The article discusses some features of the identification of legal terms.

Keywords: identification of terms is one of the ways to improve the quality of the text of bills, maintaining the regulatory bases of legal terms.

Мәди Айтбенбетұлы Айымбетов,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері

Лингвистикалық сараптама және заң терминдерінің бірізді қолданылуы

Айымбетов Мәди Айтбенбетұлы,

ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Лингвистическая экспертиза и вопросы идентификации терминов

Ayymbetov Madi Aytbenbetuly,

chief research associate of of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Linguistic expertise and issues of identification of terms

